

ISSN 1811-1823

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙГЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛАДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

1'2007



ПМУ хабаршысы

Вестник ПГУ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ

43

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета им. С. Торайғырова

1997 жылы құрылған
Основен в 1997 г.

С. Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

ПМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ПГУ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

1 2007

МАЗМҰНЫ

Қ.М. Алдабергенов	
XIX ғасырдың орыс публицистері қазақтар туралы	9
Қ.М. Алдабергенов	
XIX ғасырдың шетел публицистері қазақтар туралы	20
Б.К. Аязбаева	
Қазақ және орыс тілдеріндегі ядерлық лексемаларындағы «Адам» ұғымының көрінісі туралы	30
Х.М. Байғөжина	
Ауызша лекторлық мәтін және ауызекі сөйлеудің синтаксистік ерекшеліктері	38
С.Ж. Бралина	
Мәтін гуманитарлық универсалия ретінде	44
Г.К. Жұмағұлова	
Қазіргі қазақ тіліндегі өтініштің берілу тәсілдері	51
М.Ә. Кәріпжанова	
Қазақ тілінің өскери - заң лексикасын оқытудың лингводидактикалық негізгі мен принциптері	54
А.К. Машакова	
Қызық әдебиетінің қазіргі заманғы еуропалық зерттеушілері	61
Р.А. Омарова, Н.В. Медведенко, Ю.В. Свиридова	
Реалиарды аударылуының талдауы мәдениетаралық хабарларлықтың тәсіл құру сияқты	68
Г.А. Ахметжанова	
Модернистің антропоморфтық кодындағы «Көз» компоненті бар фразеологизмдер	72
Ж.А. Құсайынова	
Бір компонентті түсіндірмелі құрмалас құрылымы	81
А.Х. Нұрсейітова	
Сөздің дискурстық театрлылығы (бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған материал)	88
Ж.А. Рүстемова	
Қазақ балшар ақындары өлеңдеріндегі фольклорлық дәстүр	96
С.А. Шапқұллы Бекен	
Қазақ құрмалас сөйлемнің мағыналық дамуы	103
Ш.Н. Сейітова	
Шығыс Қазақстан аймағындағы ру - тайпа атауларынан алынатын тіркестерді топтастыру	112
О.Т. Химитова	
"Қазақ әдебиетіндегі" қазіргі әдеби - көркем сын	118
А.Ж. Шайкенова	
Біріншінің «Қорғаныс күні» әңгімесіндегі емеурін мен ишара ..	126

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ШЕТЕЛ ПУБЛИЦИСТЕРІ ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ

Қ.М. Алдабергенов
С.Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті

В статье рассмотрены и проанализированы с позиции современности труды известных западных публицистов XIX века: А. Дюма, Ж. Верн, Капю и Бонвало, Г. Зелинского, Э.М. де Вогюэ, А. Янушкевича, и др. посвященные исследованию жизни казахского народа, особенностям его языка, культуры, традиций, бытая и быта.

Бұл мақалада ХІХ ғасырдың белгілі шетел публицистері: Дюма, Жюль Верн, Капю мен Бонвало, Э.М. де Вогюэ, Густав Зелинский, Адольф Яеукевич, Бронислав Залесскийлердің қазақ халқының өмір-тағдырлары, тілі мен діні, салт-сана, әдет-ғұрыптары туралы жазған еңбектеріне талдау жасалып, бүгінгі күн тұрғысынан баға беріледі.

This article was consider and analyse with the famous foreign publisher's position. They were consider peculiarity of language traditions, culture and customs of Kazakh people in the XIX century by Duma, Vern, Kapu, Bonvolo, Zelinsky, Vagu, Yanushkevich and e.t.c.

1. Француз ғалым, жазушы, зерттеушілері - Дюма, Жюль Верн Капю мен Бонволо және Эжен Мельхиор де Вогюэ қазақ жерінде

Француз халқының белгілі жазушысы Дюманың табаны бір кезде қасиетті қазақ жерінің топырағын басқаны да белгілі болып отыр. Ол 1858 жылы Россияны аралап жүріп, Астрахань қазақтарының арасында болады. Кейін оның қаламынан бұл сапар туралы «Парижде. Астраханьға» очеркі мен баласына хаттары жазылған. Енді оның баласына жазған хаттарының бірін оқып көрелік: «Мен өзім жасаған саяхат туралы жазайын, білгің келе ме? Россияның картасын қолыңа ал, оныға өкінбейсің. Менің Москваға сапарым белгілі. Москвада Бородиноға шыққан жолымызда сен айкастан екі қылыш көресің. 181 жылғы әйгілі шайқас тап осы жерде болған деп біл. Бородинода Москваға, Москвадан Троицкеге жеттік... Нижнийден Қазанға жүріп кеттік. Содан соң Камышинге келдік. Камышин-сен енді зейін қотында,- мен қырғыздарға кеттім. Картадан көлді қара, дұрысына бақықанда, үш көл, оның біріншісі Эльтон көлі, сол манда мен қу медие далада шатырда түнедім. Астрахань қырғыздарының атаманы Бектиров деген тамаша адаммен той-думан өткіздім. Астраханьда соң

тапқан оскен қыр қойын әкелді, мұнымен салыстырғанды нормандық қойшырымыз түкке де тұрмайды. Қойдың құйрығын бізге бөліп әкеп, берді. Ол 14 қадақ тартты.

Ас-судан кейін Бектеміров маған бөркін сыйлады. Бұл бөркі Париж сұлуларының сәнді муфтасына да жарар еді.

Иппасың ба, жылқы етін жедім, мұны өте дәмді тағам деп есептеймін. Қымызды пәлен деп мақтай алмаймын. Мен мерекенің ең сыйлы адымы болғандықтан, маған қаракөл терісінен тігілген тон кигізді, бөпме күміс белбеу байлайды. Сол кезде менің белім Аннаның белімен айнымай қалған болар...». (1)

Шетелдік жазушылардың алғашқыларының бірі болып Орта Азия жазушылары, оның ішінде қазақтар туралы да лағаш көркем шығармалар жазған Жюль Верн скендігі белгілі. Әсіресе, оның ғылыми-фантастикалық әрі әдебиеттік-сатиралық «Клодиуе-Бомбарнак» романы бұл тұрғыдан көңіл аударарлықтай. Себебі романының басты кейіпкері біздің күмір корреспондент Клодиуе Бомбарнак Орта Азия мен Қазақстан жерін жиксы біліп қана қоймай, жергілікті халықтың тарихы мен өмір тұрғысынан да көп нәрселерді білетіндігін танытады.

Сондай-ақ Жюль Верннің «Тамаша саяхаттар» сериясымен жазған «Михаил Строгов» шығармасында да Жетісу өңірін суреттейтін тұстар оның қиялдың елі мен жерін кезінде терең зерттегендігін байқатады.

1882 жылы «Кавказ» газетінде француз ғалымдары Капю мен Бонвалонның «Қырғыз трубадуры» атты мақалалары орыс тіліне аударылып басылған. Негізінен мақалада авторлар суырып салма өлең мен өнер, ән өнерінің өзінің өмірінде үлкен орып алатыны, олардың туу жағдайлары мен кейбір еңбектері, дала өмірі мен табиғатының өзіндік ерекшеліктері және дала тұрғындарының сөз, ән өнерінің мазмұны мен түріне із қарап, дала сондықтан ол барлық әсемдік-көркемдігімен соған борышты. Аттың аяғы мен түйенің біркелкі маймаң қадамы өлеңнің өлшемі мен сарнағын анықтайды, далаңның көз жетпес кеңістігі, қиыры көрінбес екі дала соғалында үмік әуен әкеледі, дала төбін теңселтетін жел өңірінің дауысын бірде күшейтін, бірде бәсеңдетіп, өлеңтің түрліше реңбіне бөленген, байланысты тудырып сияқты», - деп орынды пікір білдіреді де, оның бірі Бодараскул деген өзінің орындаушылық шеберлігін: «Бұл қараңғы өңірі дала киімімен, оттың пайқалған сәулесімен нағыз азамат болып көріні. Оның жүріс-тұрыс қимылы еркін және мәнері биязы, бәрі өзінің сүйкімді. Ол киіз үйде әсем бір сәнді қалыпта отырды да өз жанын күніне келтіріп, минорлы, мұңды әуенмен баяу әрі салмақты орындап отырады. Ол өзі керемет сезімтал: аспабы болмашы айнықыра-

са болды, байқай қояды да оны қайта бұрап алады, сосын, ол негізі әуенді түрлендіріп, бірте-бірте әсем флюритуралармен әдемілеп, құбылт бастады. Аспапты тарту оған нағыз рахат әкелетін болу керек, ырға жылдамдай түсті, аса бір құштарлықпен тартып отырып, өлеңге ауысты. Ол бір бай қазақтың жас қызының кедей жігітіне деген махаббаты, атасы тырған бай күйеуін жек көретіні туралы өлең айтты. Ырыдысқұл - нағыз артист. Өз өнерінің ғажап шыңына жетіпті. Өлең айту техникасының жетістігіне ме, әлде әдемілігіне ме, қайсысына таң қалаларыңды білмей қаласың», - деп шегіне жеткізе суреттейді.

Келесі қарастыратынымыз жазушы әрі әдебиет зерттеушісі Франция академиясының мүшесі Эжен Мельхиор де Вогюэнің 1888 жылы «Дала уалаяты» газетінде жарияланған «Каспийден Самарқандқа дейін» деп аталатын очеркі болмақ. Бұл еңбек «Дала уалаяты» газетінің 1888 жылғы 36-37 нөмірлерінде «Француз жұртының адамы Вогюэ» деген өзгелерімен Орта Азияның теміржолын апқан.

Ол француздардың газетіне Каспий теңізінен Самарқанға шейін баратын жолды жазыпты. 1283 шақырымдай жерде өзінің көргенін жазады. Соның сөздері мынау деген алғы сөз беріп, одан әрі: «Алғаш 61 шақырым жерге шейін жүрген жерім құм-құм болды да отырды дейді. Көпіріп жатқан, жел соққан, ұйытқып-ұйытқып жатқан сондай құмнан теміржол жүргізуге пайда келтірген уақ ағаш сексеуіл. Ол құмға сексеуілден басқа еш шөп бітпейді екен. Өзі бек қалың болып шықса да онша биік болмайды. Біркезден астам болады. Түсі қызыл-жирен, сарғылт болады. Сонда сексеуіл, өзге ешнәрсе болмаған соң, адамға көп пайда беріп, әртүрлі жақсылық іске де себеп болады. Сексеуіл көп жерде құм да борамайды, тоқтатады. Жаңа шығып келе жатқандары да жерге қада секілденіп отырып, қорғаныш болып құмнан бораған боранды жүргізбейді. Дауыл соққанынан кейін бітіп қалған жолды көп жұмыскер-солдаттар тазалайды екен. Әрбір 3 шақырымдай жерде әдейі қойған, Еуропадағы Россияның темір жолдарынан қарды тазалағандай қылып, сол солдаттар жер үйде тұрысады екен. Төбенің бәрінен қазған суды олай өткен, былай өткенде отарба беріп кетіп тұрады екен. Балаақын деген бекетке жете бергенде құм таусылады, қарсы тұрған бір бел кез болады. Ол тау Балқан деген жерге биік болып орналасқан. Сол жерде теміржол сол таудың хәм Қызылбас жұртының тауларының арасымен өтеді. Сол жерде қашан да болса, дауыл соғып, тау жағалап, соныменен Мертва қаласына шейін барады. Сол таулардың етегіменен солтүстік жақтағы Арал теңізіне шейін хәм Сібірге шейін, күншығыс жақта Қытайдың шетіне шейін топырақты дала болып отырады екен. Сол темір жолмен жүріп келе жатқ-

ан уақытта кісінің көзіне бір-ақ тұнжырап тұрғандай көрінді де тұра-
ды, үйінен көп, маңы ағаш. Түнде айдың жарығымен жүріп келе жатқан
уақытта жер ыңғалысып, әйбәт болып көрінеді екен. Бағзы жерлерге
ерекше сипатпендігі болып, бағзы жер бұрынғы замандарға сол жердегі
ерікшінің орнында қалып, дүниенің бәрі аппақ қардай болып
көрінеді» (2), - деп очерктің толық тексі беріліпті.

**2. Поляк революционерлері – ақын Густав Зелинский, жазушы
Адольф Янушкевич, суретші Бронислав Залесскийлер қазақ жерінде**

XIX ғасырдың 30-жылдары біздің жерімізге революциялық қыз-
меттері үшін жер аударылып келген поляк халқының қоғам қайрат-
керлері Густав Зелинский, Адольф Янушкевич, Бронислав Залесский
салдырмалық ауыр тағдырына ортақтасып, шындық өмірге негіздел-
ген құнды-құнды пығармалар жазып кеткен, даласына жер аударыл-
ған кезінде Есіл, Тобыл өзендерінің бойындағы қазақ ауылдарында,
Аякөз, Бишқан, Жетісу жерлерінде болған Густав Зелинский.

Г. Зелинский қазақ ауылдарында болғанда олардың тұрмыс-хал-
тын, әдет-түрпімен, салт-санасымен танысады. Өз халқының тәу-
елсіздігі үшін күрескен ақын қадырын жанымен сезіп, түсіне, көре
біледі. Патришалық Россияның жүген-құрықсыз топас чиновниктері мен
жерсіздікті байлардың езгісі мен тепкісінде болған қарапайым қазақ
еңбекшілерінің өзінің туған халқы поляк еңбекшілерімен де мұндас,
сүйектас, мақсаттас екенін таниды. Қазақ даласының сұлу табиға-
сы, дүниә өміріндегі әлеуметтік қайшылықтар, жай халықтың ауыр
тұрмысы, шер-мұны, үміт-арманы, адамдарының ақ жарқын адал-
дығы, адамгершілік қасиеттері поляк ақынын өте қызықтырады.

Қазақ халқының өмірінен алып, ол «Қазақ» және «Дала» атты
реалисттикалық поэмаларын жазады. Г.Зелинский 1830 жылдардың
аңғанды айдаудан босанып, 1842 жылы Польшада жарық көрген
«Белая» поэмасы тез тарап, Еуропа халықтарының көптеген тілдері-
нде, мысалы, неміс тілінде төрт рет (1851, 1855, 1858, 1888 жылда-
ры), чех тілінде 1863 жылы, француз тілінде 1870 жылы жарық көрген,
бұл поэма ағылшын тіліне аударылған. Ақын Георгий Гребенчиков
оны орыс тіліне аударып, 1964 жылы бұл шығармалар Қазақстанда
«Қазақ» деген жалпы атпен жеке кітап болып басылып шықты.

«Қазақ» поэмасы – қазақ елі тағдырына жанашырлықпен жазыл-
ған, идеялық көркемдік қасиеттері мол шығарма. Онда ғасырдағы қазақ
халқының ауыр тұрмысы, бай мен теңсіздік торында жүрсе де кедей
адамдарының бойында гамаша адамгершілік, ізгі қадыр-қасиеттер сақ-

талуы бейнеледі. Поэманың басты кейіпкерін «Жігіт» деп қана ата арқылы поляк ақыны көптеген қазақ жастарының өмірін тың жинап тап бейнелеуге қол жеткізген. Мәселен, лагнет қамалынан қашып шексіз, шетсіз кең даламен келе жатқандағы көңіл-күйін, сезім сапарылыстарын ақын:

«Жігіттің де, жүйріктің де қиялы,
Алып-ұшып, бір арнаға құяды:
Кең далаға шықса, шіркін, көсіліп,
Тастап мынау лагнет қамал-ұяны», -
деп шебер суреттейді.

Одан әрі ақын жігіттің әкесін өлтіріп, өзін құлдыққа сатқан зұлым байға деген ашу-ызасын:

Ыза-жылан орай түсіп жүректі,
Дегендей-ақ: «Түрін, жігіт, білекті
Өшінді ал!» – Иесінің осы ойын
Сезінгендей ат екеш ат дір етті,-

деп жас жігіттің өрмекшінің өрмегіндей шырмалған өмірін күшперлердің күдіреті күйзелткен ащы тағдырын, жалын атқан жастық шағының мұқалуын шегіне жеткізе бейнеледі.

Поэманың уақиға желісін ақын драмалық шиеленіске құрып, шиыршықтап өрлетіп, негізгі кейіпкерлерінің бейнесін биіктете, әр қырын аша жырлайды. Сағынған ауылында сый-құрметке бөленген жігіт «жаутаң көзді» сұлу Жәмилаға ғашық болады. Оны ақын:

Дала, дала махабатты жалын ғой,
Күкірт қой ол, оққа салар дәрі ғой.
Қос жүректі бір дауыстар өрт-тозақ,
Боран ғой ол, дауыл да ғой-бәрі ғой! –

деп екі жастың сүйіспеншілік сезімдерін от болып жанатын, құмарта сүйетін күш ретінде жырлайды.

Бірақ, Жәмила бір кезде жігіттің әкесін өлтіріп, баласын құл еткен байдың қызы болып шығады. Сөйтіп, айнала қоршаған әділетсіздік пен зұлымдық араны ақ махабаттың да жолын тосады. Ал, өктем, озбыр бай болса екеуін де өлтіруге бел байлаған. Ол ауылдан қашып шыққан жігіт пен Жәмиланы, олар паналаған тоғайды өртен, оларды от азабына қалдыруды бұйырады. Сондықтан да ақынның екі жастың зарлы, мұнды аянышты өмірлері мен қыршын өлімдерін:

О, дүлей күш, көзсіз еді бұл неден,
Жалын анау қыз бұрымын өрлеген.
Соңғы демін ғашық жарлар бір алды,
Жас жандары зарлап шықты кеудеден,-

мен сол кезеңнің әлеуметтік астарын айқындап, ашып берген.

Г. Зелинский екіінші бір “Дала” поэмасында кең байтақ қазақ даласының қыр-сырына үңіледі. Бұл ұзақ өлең-толғаныс “Дала”, “Таулар”, “Бөлігі”, “Жыр” деген үлкен төрт бөлімнен тұрады.

Баянқ даласында көз жеткіссіз жазықтар да, аспанмен тілдескен таулар да, көк толқынды теңіздер мен көгілдір тұнық өзендердің де мол екендігі белгілі.

Міне, Қазақстанның осындай көп жерін көріп, ерекше әсер алған поэзия ақшын табиғат тамашаларын, ғажабын, құбылыстарын сүйсіне де табиғатқа сарайлағанда солардың дәл суретін берер теңеулер тауып, ора-сарапар қыстырып, бояулар нақышын келтіріп отырады. Мәселен, оның “Дала” поэмасының қыр “бүркеніп көктің күмбезін”, “қақталған ақ күмістей” бүркітпен бетін шалған жеңіл жел” кестелепті теңіз бетін тегістей, әжім көзімен секілді”, “домалатып дауыл жұлқып тастаған” үйілген тастар “түгісіп тасбақадай торсып, бір-біріне тіркесіп тек тас қалған”, шыңға сүгітпен шыққан қыран “тақта отырған дала ханы секілді”, “шың жар-астар жиналғандай кеңеске”, таулардың өркеп-өркеп биігі “керуен көшкен парлардай”, “күн далаға септі күміс”, “биік құздар көкке мезгеп биік алаш” сияқты сан алуан айшықты теңеулерді табуға болады.

Сөйтіп, далада жайнаған жасыл алқап та, мөлдіреген өзен де, бәрінен таулар да, құмды шөлейт атырап та, ақын назарынан тыс қалмаған. Даланың әр алуан көрінісін ол бірде:

Қыр көркінің бірінен соң бірі ортақ,
Қарап көзің тояр емес құмартып,
Көк жолақтай мөлдіреген өзендер
Жап-жасыл боп көрінеді мұнартып,
Май айы бір қыз даланы ұйқыға
Бөлегендей қыр елжіреп тұр балқып,-

мен тамашаласа, енді бірде ұнсіз жатқан қазақ даласынан:

Ел бұл қырда көшкен талай біртіндеп,
Құйын-дауыл өткен талай дүбірлеп.
Өшіп ізі, осында өлген талайдың
Айтып жырын қорғандар тұр күбірлеп,-

мен сыр тартады.

Густав Зелинский жер аударылғанға дейін де саяси-әлеуметтік жағдайымыз берік демократтық бағытта қалыптасқан ақын болғандықтан қазақ халқының ауыр тағдырын, бостандықты аңсаған арманын анық сезіп, түсіне білді. Сондықтан ол қазақтың ерлік дәстүрін, “сүлтанға бас иемейтін” тәкаппар мінезін, көрікті кең даласындай сұлу табиғат ер көңілін, қабілеттілігін, дарындылығын тамашалап:

Қазақ деген дархан халық, ең мықты,
Сұлтанға да ол берген жоқ теңдікті.
Соққан желге бөгет қандай болмаса,
Қазаққа да шексіз берген ерлікті.
Еш бөгет жоқ, көкте күні, ауасы,
Кең даласы тұрғанда оның көрікті...
Жырлады ол аспан мен тауларын,
Көпшелі елдің талай жүйрік тарланын,
Көпшіліктің көкейіне күй құя,
Өткен күндер елесі ойда қалғанын,
Жырлады ол айдай айқын аймаққа,
Арайланған алдағы ел арманын.
Киіз үйде күйші дағы дөңгелеп
Көшіп бара жатқандай бір өрмелеп,
Қазақтар да атқа мініп далада.
Шауып бара жатқандайын дүбірлеп.
Көрінді де көздеріне керемет
Тербеп кетті бесігінде күй бөлеп...”, -

деп жырлаған ақынға қалайша бас иіп, ризашылық білдірмеске

Сонымен қатар Г.Зелинский өзінің жоғарыда аталған “Қазақ және “Дала” поэмаларында қазақтардың әдет-ғұрыпын, әлеуметтік топтар арасындағы теңсіздікті де сөз етеді. Мәселен ол қазақ бақсысының екілене, долдана, неше түрлі құбыла салған зікірін:

Ұшыменен біздей өткір пышақтың,
Айналасын сызып бақсы ошақтың.
Бір қызарып, бір бозарып зіркілдеп,
Алаяды жынды адамға ұқсап тым.

Секілдесе, селтендесе иіні,
Желкілдейді ала-құла киімі,
Қыл қобыздың құлық жарған безілі,
Секілді бір сары даланың құйыны.

Бақсы тағықобызын бір қатты да,
Тыңдай қалды әлде нені таң тұра,
Қобыз даусы гүлей барып үзілді,
Қасиетімен жын-шайтандай лақтыра.

Қыл қобызын қоя қойып бір кезек,
Атып тұрып, жас мысықтай елгезек.

Жалаңдатып, жарқылдатып пышағын,
Шүйіледі әлдекімге бір кезеп,-

мен сүркеттей келе бақсының зіркілдеп пікір айтып, дуға оқу, сыр
мен сияқты биқсылық қалпын айна-қатесіз дәл көрсетіп берген.

Сонымен қатар ол бақсылық өнерін тереңірек апып беру үшін жыр
өнеріндегі “кейде ұлиды ұқсап кәрі қасқырға”, “жүрегінде шұбар
жүзін жүгендей, тамырында кесіркелер малтығып”, “аш қасқырдай
жүзін шұбар, аяғындай қайқандап” деген орынды теңеулерді асқан ше-
берменен қолына білген. Г.Зелинскийдің қазақ халқының таланттылығын,
өнерге бейімділігін танып, біліп қана қоймай өте жоғары бағала-
ғандығын да мына жыр жолдарынан анық байқауға болады.

Шіркін, қазақ әндерін-ай, әндерін,
Жұлып кетер жүректің нәр-әрлерін.
Кейде ызғырақ күз даладай қайғылы,
Кейде аспандай неткен шексіз, сәнді едің?
Кейде ұшқыр шартылдаған нажағай,

Кейде кек боп қадалатын саржадай
Кейде өршін кең даланың өртіндей,
Кейде егістей толқынданған жайма-жай.
Кейде әндетсе, еркін дала ұлдары,

Кетсе шырқап, кеуде кере бір бәрі.
Бар табиғат тына қалып мүлгиді
Сахара әні-қазақ әні тыңдары.
Сол бір әнді аспан тындап жатқандай,
Қайғы-мұның дала аспанға шаққандай.

Міне, поляк ақыны қазақ әндерінің мазмұны, әуен байлығын,
сол дала өмірімен тығыз байланыстылығын, әннің халықтың ой-
арманы мен тілек-мүддесінің сәулесі екендігін осылайша аса бір жы-
лылықпен, жан тебіренерлік ыстық сезіммен жырлайды.

Қорыта айтарымыз Г.Зелинский өзінің ұзақ, мазмұнды, творче-
стілік өмірінде көптеген өлеңдер мен поэмалар, мақалалар мен очер-
ктер жазған. Солардың ішінде “Янгарь”, “Жанкепті” атты поэмалары
ерекше орын алады. Алайда Зелинскийдің ақындық есімін биікке
көтерген, елге танытқан осы біз талдап, қарастырып отырған “Қазақ”,
“Данш” поэмалары болып табылады.

Себебі, бұл туралы “Польша поэзиясы” (3) атты екі томдық жи-
нақта “Оның даңқты поэмасы “Қазақ” стилі аймақтың табиғаты мен
өміс-тұрыптарын тікелей байқаудың жемісі, сол аймақты әсерлі
сипаттап берген”, -деп жазса, ал “Поляк әдебиетінің тарихындағы

Г.Зелинскийдің өмірбаяны мен творчествосы туралы бөлімде оны “Қазақ”, “Дала” поэмалары арнайы зерттеліп, идеялық, көркемдік қасиеттері жоғары бағаланады.

Сондай-ақ, Варшаваның “Роланса” баспасы шығарған Г.Зелинскийдің шығармалары жинағаның “Қырғыз және басқа халықтар өлеңдері” деп аталуы да бұл ақынның творчествосындағы қаншалық ғасы барын көрсететін айғақ деп білеміз.

Келесі бір Сібір мен қазақ даласында қуғында ширек ғасыр жуық өмірін өткізген поляк революционері, қоғам қайраткері, жазшы Адольф Янушкевич шетелдіктерді қазақтармен таныстыруда көп қызмет атқарған адам.

Еуропа елдеріне ұзақ саяхат жасап, еліне оралған Янушкевич 1831 жылғы поляктар көтерілісіне қатысады. Сөйтіп, Сібірге 25 жыл жер аударылады. Бас бостандығынан айрылған ол Сібірде, Тобольскіде, Есілде, Омбыда болады. XIX ғасырдың 40 жылдарында ол Омбы шекаралық басқармасының қазақтарды билеу бөлімінде қызмет атқара жүріп қазақ даласына аттанған орыс экспедицияларының құрамына кіреді. Семей, Аякөз, Лепсі, Қапал, Жетісу жерлерін аралайды. Тарбағатай тауларына дейін барып, Балқаш көлінің бойындағы ауылдарда болады.

Қазақ сахарасын, ауылдары мен қалаларын Янушкевич ұзақ уақыт бойы аралап, барлығын өз көзімен көруіне тура келеді. Сондықтан ол өзінің көріп-білгенін, естіп-сезінгенін, толғаныс-ойларын күнделік дәптеріне түсіріп, бұл аймақтың алған әсерін туған еліндегі туыстарына, достарына хат ретінде жазып отырған.

А.Янушкевичтің бұл күнделіктері мен хаттарының сақталып жарып көруінің жүз жылға созылған қиын да қызықты тарихы бар. Ол мынадай тарих, 25 жылдай айдауда жүріп, денсаулығынан айрылған жазушы бір жыл толмай-ақ қайтыс болады. Ал, оның күнделіктері мен хаттарын Есіл даласында айдауда бірге болған ақын Г.Зелинский туыстарына табыс етеді. Ал, жазушының туыстары оның өздерінде сақталған хаттары мен Зелинский табыс еткен материалдарды жинастырып, оның университетте бірге оқыған досы Феникс Вротновский жазған өмірбаянымен бірге өз қаражатына “Адольф Янушкевичтің өмірі” деген атпен алдымен Парижде 1861 жылы, кейінірек 1875 жылы Берлинде бастырып шығарды.

Алайда бұл кітап көп жылдар бойы тіпті бір ғасыр шамасы Польшада да, Ресейде де жарық көрмейді. Тек соңғы жылдары поляк ғалымы Я.Одровонж–Пененжек Сібірде болған поляк революционерлері қатарында Янушкевичтің де күнделіктері мен хаттары туралы мәліметтер жариялайды. Сөйтіп, жүз жылдан кейін ғана А.Янушкевичтің кітабы “Қазақ даласындағы саяхаттың күнделігі мен хаттары”

жасап отырып, Ф.И.Стеклованың аудармасымен Қазақстанда 1966 жылы 1-ші рет танылді басылып шыққан.

Ал еңбекте XIX ғасырдың орта кезіндегі қазақ өмірінен көптеген мәліметтер берілген. Янушкевич өз күнделіктері мен хаттарында қазақ өмірінің әлеуметтік, саяси, рухани өмірінің бірсыпыра көріністерін гүлдену, демократтық көзқарас тұрғысынан объективті түрде баяндап берген. Оның тарапынан қазақ еліндегі екі жақты- ұлттық және шарнақ-спуһілік ел басқарудағы өзгерістер, Кенесары Қасымовтың көтерілісі, қазақ кедейлерінің ауыр тұрмысы, ауылдағы салт-сана, әдет-ғұрпы, қазақ тарихы, ақындық-шешендік өнері туралы бірталай мәлімет баяндалып, қызғылықты пікір-тұжырымдар айтылған. Сол кезеңдегі белгілі адамдар: Мәуке би, Абайдың әкесі Құнанбай, Барақ батыр, Ақтөгір Жанак, Орынбай туралы жазған.

Янушкевич бір хатында “Мен қазақ тілін, қазақтардың жол-салты, салт-сана, әдет-ғұрпын үйренбесем болатын емес” деп жазса, екінші бірде әлеуметтік тұңғыш түнекте болған кезінің өзінде де, қазақ халқының рухани байлығын, әсіресе сөз өнерін тамаша сақтай, дамыта отырып қызығып разы болады, әрі терең ойға, қанатты қиялға, ыстық сезімге толғап, тажап азаматтық тұжырым жасайды.

Янушкевич қазақ ақынының суырып салма өнерін көргенде, “ақынның” аспанды қалқыта салған асқақа әнін естігінде, алған әсерін сөзінше суреттей келіп: “Мен осының бәрін бүкіл дүше жабайы, сөзі деп санайтын адамдардың ортасында, далада тыңдап отырмын. Ақын бірнеше күн бұрын екі ел егесіп, партия тартыс жиында шарпы сөзінше алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім: сонда мен туған елде Демосфен, Цицерондарды естіп-білмеген жандардың жез таңдай тиімәлілігіне таң-тамаша болып, қол шапалақтаған едім.

Ал бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сөйлеп отыр, мен бұлардың өнеріне қайран қалудамын, олардың әні жазылмаған болғандай, жүрегіме жылу бергендей. Міне, осындай жандардың жабайы деуге бола ма? Жок, болмайды! Еш мүмкін емес. Жаратқан несі бүгінгі өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес. Бүгіндерің күнінде, қазақтың бетпақ шөліне де мәдениеттің де рухы кіреді. Сонда ұшқынынан жарық сәуле пайда болады. Сөйтіп, бүгінгі көшпелі елде қазір өзінің басынан аса қарап тұрған халықтардың ортасынан өзінің орын алатын күн де туады» (4),-деген айқын болжам жасайды.

Кезінде қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерін көре, түсіне білген озық ойлы поляк зиялыларының жан тебіренерлік асыл қасиеттерін сөз еткенде тағы да бір демократ-революционер, поляк суретшісі Бронислав Залескийдің де есімін ұмытпағанымыз жөн.

XIX ғасырдың 40-жылдарындағы поляк ұлт-азаттығы қозғалымы идеяларын жасырын тарататын ұйымдардың жұмысына белсене қатысқаны үшін ол бірнеше рет тұтқындалып, қудалауға ұшырап, 1848 жылы Орынбордағы әскери корпусқа солдаттық қызметке жіберілді. Залеский Орынборда, Ақмешітте (Қызылорда), Маңғыстауда болады.

Ал оның творчестволық еңбек жолына тоқталар болсақ, Б.Залеский 1865 жылы Парижде француз тілінде «Қазақ даласының көріністері» атты альбом бастырып шығарған. Онда қазақ өмірін әр қырын бейнелейтін 22 сурет және оларға жазылған суретші «Қазақ үйінің ішінде» қымыз ішіп отырған қазақтар мен қобыз тартып, өлең айтып отырған жыршыны бейнелеген.

ӘДЕБИЕТ

1. Моруа А. Дюма. – М., 1962 -342-345 бет.
2. «Дала уалаятының газеті» - 1888 -№36-37 бет.
3. Польская поэзия. –Т. 1. – М., 1963 – 376 бет.
4. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – А., 1966 – стр 212.